# Ш Е Ш І М
## Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 29 тамыз 3115-23-00-2/1641 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Шенгельбай» шаруа қожалығы Шенгельбай Тастанұлы Маханов

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Шенгельбай» шаруа қожалығын Шенгельбай Тастанұлы Махановты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Шенгельбай» шаруа қожалығы Шенгельбай Тастанұлы Маханов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Шенгельбай» шаруа қожалығы Шенгельбай Тастанұлы Махановтан жергілікті бюджет пайдасына 7115 (жеті мың бір жүз он бес) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

«Шенгельбай» шаруа қожалығы Шенгельбай Тастанұлы Махановтан мемлекет пайдасына 1 938,45 (бір мың тоғыз жүз отыз сегіз) теңге, 45 тиын мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 29.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2023, судья Ясарова Р. К., 10.10.2023

3115-23-3-1/1963